

Ұлытау ауданы аумағында тұратын 1992 жылы туған азаматтарды 2009 жылғы әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімінің 2008 жылғы 27 желтоқсандағы N 03 шешімі. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қаңтарда N 8-16-39 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің орынбасарының 2011 жылғы 07 сәуірдегі N 4-2/187 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімінің орынбасарының 2011.04.07 N 4-2/187 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес және Ұлытау ауданының әскерге шақыру учаскесіне қаңтар-наурыз айларында 1992 жылы туған азаматтарды тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында Ұлытау ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1992 жылы туған азаматтарды Ұлытау ауданының әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстары 2009 жылдың қаңтар-наурыз айы аралығында **ж ү р г і з і л с і н .**

2. Ұлытау ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы М. **Ж а р ы л ғ а п о в қ а :**

1) аудандағы ұйымдарда, мекемелерде, кәсіпорындарда жұмыс істейтін тіркеуге жататын азаматтардың тізімін сұратып алу;

2) азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру шаралары жөнінде аудан әкімдігіне ұсыныс беру тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. **С а д ы қ о в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Дәрібаев